

Шұбар елді мекені

16.09.2022 ж.

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: Ж.Умбетбаева

Қатысқандар: 30

Күн тәртібінде:

1. Балабақша ішлік еңбек тәртібін 2022-2023 оқу жылына бекіту.

Тыңдалды:

Балабақша меңгеруші К.Керимбаева балабақша қызметкерлерін жаңа оқу жылының басталуымен құтықтап, жаңа оқу жылына жаңа табыстар тіледі.

Балабақша ішлік еңбек тәртібі, бірнеше бөлімдерден тұратынын онда қызметкерлердің құқықтары, басшылық құқықтары, жұмыс уақыттары, тәрбиешілердің сағат сандары айтылды. Балабақша қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін таныстырып өтті. Балабақшада тәрбиешілер екі аусымда жұмыс жасағандықтан, біріші аусымдағы және екінші аусымдағы тәрбиешілердің уақыттарын атап өтті. Биылғы жаңа оқу жылында жаңа қызметкер қосылғанын айтып таныстырып өтті. алайда әрбір қызметкер лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауды атап өтті.

Санитария, өртке қарсы қауіпсіздік, еңбекті қорғау ережелерімен, балалардың тіршілік қауіпсіздігі талаптарымен таныстырып шықты. Әсіресе тәрбиешілердің жауапты міндеттері жайлы әңгімеледі. Этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтауға, өз құжаттарын уақтылы істеу керектігіне тоқталып өтті. Ата-аналармен қарым – қатынас жасау кезінде зейінді әрі ықыласты болуға оқу қызметтері кестесін өз еркімен ауыстыруға болмайтынын айтып түсіндірді. Жұмысқа уақтылы келу адал қызмет ету.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.

Жиналыс төрағасы:

К.Керимбаева

Хатшысы:

Ж.Умбетбаева



Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №2

13.12.2022ж

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: Ж.Умбетбаева

Қатысқандар: 30

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруда өрт қауіпсіздігін сақтау

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі К.Керимбаева сөз алып Жаңа жыл мерекесі жылда өткізілетін дәстүрлі мереке. Жаңа жыл мерекесін тойлауға арналған ертеңгіліктердің кестесін бекітіп, ертегі персонаждарды бекітті Ертеңгіліктер балалар үшін шын қуаныш әкелуі тиіс. Екіншіден барлық балалар қатысуы тиіс. Сондықтан әрбір баланың әнге, биге тақпақ айтуға қатысуын қамтамасыз ету міндет. Сонымен қатар жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлықтарды балабақша құрылтайшысы өз міндетіне алып отырғандығын айтып өтті.

Шаруа меңгерушісі Ә.Сәрсенбі сөз алып өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру электр желілерін, электр техникалық бұйымдарды пайдалану жайлы түсінік беріп таныстырып шықты.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы жоғарғы дәрежеде өткізілсін.

Жиналыс төрағасы: К.Керимбаева

Хатшысы: Ж.Умбетбаева



Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №3

10.01.2023ж

Төрағалық етуші: К.Керимбаева

Хатшы: Ж.Умбетбаева

Қатысқандар: 29

Күн тәртібі

1. Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі
2. Жаңа жылдағы ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Р.Балтабек сөз алды. Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру - олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Дұрыс тамақтану мен таза ауадағы шынығу баланың ауруға шалдығуы алдын алатын процедуралар. Медбике өзінің сөзінде балабақшаның 1-жарты жылдығында ауруға шалдығу процесі аз болғанын сонымен қатар ешқандай жұқпалы аурулар тіркелмегенін айтты.

Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып жаңа жыл мерекесі жоғарғы дәрежеде өтілгенін, жауапты мамандарды балабақша әкімшілігінің таарппынан алғыс хатына ұсынуды сұрады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Балалардың ауруға шалдығуына талдау мен жарты жылдық есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Жаңа жыл мерекесінің ұйымдастырылуы жоғарғы дәрежеде өткізген мамандар балабақшаның алғыс хатымен марапатталсын.

Жиналыс төрағасы:

К.Керимбаева

Хатшысы:

Ж.Умбетбаева



Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №4

28.03.2023ж

Төрағалық етуші: К.Керимбаева
Хатшы: Ж.Умбетбаева
Қатысқандар: 30

Күн тәртібі

- 1.8- Наурыз және Наурыз мерекесі ертеңгіліктерінің өту сапасын талқылау
2. Педкадрларды аттестаттау жұмысының есебі.

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі К.Керімбаева сөз алып күн тәртібімен таныстырды. 8-наурыз және 22 –наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер жоғарғы дәрежеде өтілді. Осы ертеңгіліктерді өткізуге атсалысқан музыка жетекшісі мен тәрбиешілеріне рақметімізді айтамыз, ата-аналар тарапынан жақсы пікірлер айтылды.

Тыңдалды: балабақша әдіскері Ж.Садыкова сөз алып көктем мезгілінде аттестаттауға өтініш білдірген педагогтердің құжаттары толық қабылданғандығы, оларды аттестатау ережесімен таныстырылғаны айтылды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. 8- Наурыз және Наурыз мерекесі ертеңгіліктерінің өту сапасы жоғарғы дәрежеде деп есептелсін..
2. Педкадрларды аттестаттау жұмысының есебі

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К. Керимбаева

Ж. Умбетбаева

Меңгеруші жанындағы жиналыс отырысының хаттамасы №5

30.05.2023ж

Төрағалық етуші: К.Керимбаева
Хатшы: Ж.Умбетбаева
Қатысқандар: 32

Күн тәртібі

1. Жазғы демалыс сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.

2. Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі К.Керимбаева сөз алып жаз мезгілінің күн тәртібімен таныстырды. Жазғы сауықтыруды дұрыс ұйымдастыруды талап етті. Бір оқу жылы аяқталып, жаз мезгілінің сауықтыру-шынықтыру маусымына келдік. Жаз мезгілі балалардың денсаулығын шынықтырып, ағзасына қажетті дәуірмендер беретін мезгіл, жаз мезгілінің жұмыс жоспарымен таныстырды.

Тыңдалды: Жаз мезгілінде техникалық қауіпсіздік ережелерін орындау бойынша шаруашылық меңгерушісі Ә.Сәрсенбі мен, балабақша медбикесі Р.Балтабек сөз алды. Жаз мезгілінде балалардың улы шөптерден уланып қалмау үшін ауладағы арам шөптерден тазарту, ойын алаңындағы өткеншектердің ақаулығын тексеру, құм салғыштарды құммен толтыру, құмға қайнаған су құю жөнінде сөз болды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселерді саралай келе шешім қабылданды.

Жиналыс шешім етеді.

1. Жазғы демалыс сауықтыру мерзімінің жоспарын бекітілсін.

2. Жаз мезгіліндегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.

Жиналыс төрағасы:

К.Керимбаева

Хатшысы:

Ж.Умбетбаева

